

"Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 ақпандағы № 262 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 480 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 480 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 49, 627-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерінде және облыстардың, Алматы және Астана қалаларының, аудандардың облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері орынбасарларының шекті санында:

"Облыстың, Алматы, Астана қалаларының әкімдері орынбасарларының саны (бірлік)" деген бағанда:

"Маңғыстау" деген жолдағы "4" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;

"ЖИЫНЫ:" деген жолдағы "73" деген сандар "74" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
премьер-министрі

К. Мәсімов